

Көшіп-келу квотасы бойынша келген оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарын өтеу, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақылар төлеу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қаңтардағы N 15 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 20 наурыздағы № 249 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.03.2014 № 249 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 978 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Көшіп-келу квотасы бойынша келген оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарын өтеу, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақылар төлеу е р е ж е с і б е к і т і л с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 978 **Қ а у л ы с ы м е н .**

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6

ж ы л ғ ы

6

қ а ң т а р д а ғ ы

N

1 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Көшіп-келу квотасы бойынша келген оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде

малын) апару жөніндегі шығыстарын өтеу, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақылар төлеу ережесі

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 978
Қ а у л ы с ы м е н .

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша «төлемдер жөніндегі», «төлеу жөніндегі» деген сөздер «беру жөніндегі» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.04 N 230 Қаулысымен.

Осы Ереже "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатында келген және оралмандардың көшіп-келу квотасына енген оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарын өтеудің, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақылар (бұдан әрі - қосымша жеңілдіктер) төлеудің тәртібін айқындайды. Z110000477

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті);

2) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері - Ішкі істер департаментінің Көші-қон полициясы басқармасы;

2-1) қосымша жеңілдіктерді төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым (бұдан әрі - Орталық) - «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

2-2) Орталықтың филиалдары — «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының облыстың, Астана және Алматы қалаларындағы филиалдары;

2-3) Орталықтың бөлімшелері - «Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының қалалық, аудандық бөлімшелері;

3) беру жөніндегі уәкілетті ұйым - екінші деңгейдегі банктер немесе

Қазақстан Республикасы қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органының және Ұлттық Банкінің банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиясы бар ұйымдар;

4) Бағдарламаға қатысушы оралман - оралмандардың көшіп келу квотасына енгізілген және 2009 - 2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасына (бұдан әрі - Бағдарлама) қатысушы болған оралман.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.01.15 № 7, 2011.03.04 N 230 Қаулыларымен.

2. Қосымша жеңілдіктер оларды алуға құқығы бар оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне төленеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 978 Қаулысымен.

3. Оралмандардың және олардың отбасы мүшелерінің қоныс аударуы өз бетімен және ұйымдасып қоныс аудару жолымен жүзеге асырылады.

Ұйымдасып қоныс аудару кезінде оралмандар және олардың отбасы мүшелері тұрғылықты жеріне жеткенге дейінгі жолда тамақ өнімдерімен және дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 978 Қаулысымен.

2. Қосымша жеңілдіктерді тағайындауға және төлеуге өтініш беру

4. Қосымша жеңілдіктерді тағайындауға және төлеуге өтініш беру оралманның отбасы оралмандардың көшіп-келу квотасына енгізілгеннен кейін жүзеге асырылады.

5. Қосымша жеңілдіктер тағайындау және төлеу үшін оралман отбасының басшысы өзінің тұрғылықты жері бойынша халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне төлемдер беру жөніндегі уәкілетті ұйымда алдын ала ашқан жеке шотын көрсете отырып, отбасының атынан осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Отбасының басшысын оралманның отбасы белгілейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.03.04 N 230 Қаулысымен.

3. Қосымша жеңілдіктерді тағайындау және төлеу тәртібі

6. Халықтың көші-қоны жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы қолдау хат қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қосымша жеңілдіктерді тағайындау туралы немесе бас тарту себептерін көрсете отырып, тағайындаудан

бас тарту туралы шешім шығарады.

Қосымша жеңілдіктер тағайындау туралы немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешімге халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің басшысы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

Қосымша жеңілдіктер тағайындау туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы шешімнен үзінді көшірме ресімделеді (бір дана) және осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламамен қоса төлемдерді жүзеге асыру үшін Орталықтың филиалы арқылы Орталықтың бөлімшесіне жіберіледі.

Орталықтың бөлімшесі келіп түскен қосымша жеңілдіктер тағайындау туралы шешімнен үзінді көшірмені осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, оны тіркеу журналына тіркейді, орталықтандырылған деректер базасында алушының (оралманның) карточкасын қалыптастырады және тиісті деректерді енгізеді.

Қосымша жеңілдіктер тағайындаудан бас тартылған жағдайда халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі бас тарту себептерін көрсете отырып, үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіні хабардар етеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.03.04 N 230 Қаулысымен.

7. Қосымша жеңілдіктерді тағайындау туралы шешімде оралман отбасының құрамы, оларға тиесілі төлемдердің мөлшері және беру жөніндегі уәкілетті ұйымда оралман отбасының басшысы ашқан жеке шоттың нөмірі көрсетіледі.

8. Орталықтың бөлімшесі қосымша жеңілдіктерді тағайындау туралы шешімнен үзінді көшірме алғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей беру жөніндегі уәкілетті ұйымдарға тиісті төлемдерді аударады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.04 N 230 Қаулысымен.

9. Халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінің қосымша жеңілдіктер тағайындаудан бас тартуына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті органға немесе сотқа шағымдануға болады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.04 N 230 Қаулысымен.

10. Қосымша жеңілдіктер оралман отбасының өздері оралмандардың көшіп-келу квотасына енгізілген жылдың ішінде Қазақстан Республикасының аумағына келмеген мүшелеріне берілмейді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.03.04 N 230 Қаулысымен.

4. Төлемдердің мөлшері

11. Бағдарламаға қатысушы болып табылмайтын оралмандарға:
1) біржолғы жәрдемақылар:
отбасы отағасына 15 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;
отбасының әрбір мүшесіне 10 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ;

2) өз бетімен қоныс аудару кезінде тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарды өтеуге қаражат. Бұл ретте оралман отбасының әрбір мүшесінің жол жүру ақысын төлеу 10 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі. Жеке мүлкін апару ақысын төлеу оралман отбасына 50 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүргізіледі;

3) оралман отбасының әрбір мүшесіне 100 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрғын үй сатып алуға арналған қаражат бөлінеді. Бұл ретте оралман отбасы отағасының жеке шотына аударылған бөлінген қаражат сомасы мен сатып алынатын тұрғын үйдің сатып алу құны арасындағы теріс айырма оралмандардың отбасы мүшелерінің өз қаражаты есебінен төленеді, ал оң айырма оралман отбасында қалады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.01.15 № 7 Қаулысымен .

12. Бағдарламаға қатысушы оралмандарға тұратын жеріне бару және мүлкін апару жөніндегі шығыстарды өтеу қаражатын қамтитын біржолғы жәрдемақылар м ы н а д а й м ө л ш е р д е :

1) отбасы отағасына 100 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

2) отбасының әрбір мүшесіне аумақтық даму осьтері бойынша қоныстануына б а й л а н ы с т ы :

Солтүстік осьте (Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары) 75 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Орталық осьте (Атырау, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау облыстары) 65 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

Оңтүстік осьте (Алматы, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстары) 55 еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сараланып бөлінеді.

Бағдарламаға қатысушы оралмандар Солтүстік осьте қоныстанған жағдайда олардың біржолғы жәрдемақы сомасы 2,0 арттырушы коэффициентіне және Орталық осьте 1,7 арттырушы коэффициентіне көбейтіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.01.15 № 7 Қаулысымен.

13. Бағдарламаға қатысушы оралмандарға тұрғын үйді салу, қалпына келтіру немесе сатып алу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жеңілдікті кредиттік қарыздар беріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2010.01.15 № 7 Қаулысымен.

14. Ұйымдасып қоныс аудару кезінде оралмандарды және олардың отбасы мүшелерін тасымалдау және олардың мүлкін апару жөніндегі көліктік шығыстарды:

1) шыққан мемлекетінен Қазақстан Республикасының аумағындағы келу пунктіне дейін - уәкілетті орган;

2) Қазақстан Республикасының аумағындағы келу пунктінен соңғы тұрғылықты жеріне дейін - халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі жүзеге асырады.

Ұйымдасып қоныс аудару кезінде көлік ұйымдарының оралмандардың және олардың отбасы мүшелерінің мүлкін апару жөніндегі қызметтері оралман отбасына салмағы 1000 килограмнан аспайтын жүк үшін өтеледі.

Соңғы тұрғылықты жеріне дейінгі жолда тамақ өнімдерімен, дәрілік заттармен қамтамасыз ету әрбір отбасы мүшесіне айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 50 пайызы мөлшерінде жүргізіледі.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 978, 2011.03.04 N 230 Қаулыларымен.

15. Оралмандарды және олардың отбасы мүшелерін құжаттамалау (тұруға ықтиярхат немесе Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі) жөніндегі қызметтерге ақы төлеу осы құжаттардың Қазақстан Республикасының азаматтары үшін белгіленген құны мөлшерінде жүргізіледі. K080099

Ескерту. 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 978, 2011.03.04 N 230 Қаулыларымен.

5. Есеп және есеп беру

16. Орталықтың бөлімшелері мен беру жөніндегі уәкілетті ұйымдардың арасында есепіден кейінгі айдың 5-күніне дейін төленген сомалар бойынша салыстыру актілері жасалады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.04 N 230 Қаулысымен.

17. Орталықтың бөлімшелері беру жөніндегі уәкілетті ұйыммен арадағы салыстыру актісінің негізінде есепіден кейінгі айдың 7-күніне Орталыққа

төлемдер туралы есептерді ұсынады.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.03.04 N 230 Қаулысымен.

Көшіп-келу квотасы бойынша келген оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарын өтеу, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақылар төлеу ережесіне 1-қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.10.22 N 978, 2011.03.04 N 230 Қаулыларымен.

Кімге _____
(ұйым басшысының лауазымы, тегі және аты-жөні)

_____ мекен-жайы бойынша тұратын

_____ (оралман отбасы басшысының тегі, аты, әкесінің аты)

Қосымша жеңілдіктерді тағайындау және төлеу туралы өтініш

Сізден маған _____

(Қазақстан Республикасына келу мақсаты көрсетіледі)

байланысты, келген отбасы мүшелерінің мынадай құрамын:

ескере отырып, қосымша жеңілдіктер төлеуді сұраймын.

Бізге тиесілі соманы _____

(банктің атауы, банктің СТН-і, банктің

_____ ФАА-сы, алушының жеке шотының нөмірі көрсетіледі)

аударуды сұраймын.

20__ жылғы " ____ " _____

(отбасы басшысының қолы)

Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарын төлеу, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақылар төлеу ережесіне

2-қосымша

_____ облысы (қаласы) Ішкі істер департаменті
Көші-қон полициясы басқармасының қосымша төлемдер тағайындау туралы шешімінен үзінді көшірме

Ескерту. Ереже 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.04 N 230 Қаулысымен.

Іс № _____

Тегі (отбасы басшысы) _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған күні _____

Отбасы мүшелері _____

(с а н ы) (ж а з у м е н)

Тұрғылықты мекенжайы (нақты) _____

Жеке куәлігі (оралманның) _____ ж. « ____ » _____ № _____

Кім берді _____

Әлеуметтік жеке коды (ЖӘК) _____

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) _____

Осы атауы _____ коэффициент _____

« _____ » Қазақстан Республикасының _____ жылғы

« ____ » _____ № _____ Заңының _____ бабының _____ тармағына сәйкес төлемдер тағайындалсын.

1. Төлеуге тағайындалған біржолғы жәрдемақының мөлшері:

_____ теңге. _____

(ж а з у м е н)

оның ішінде (мәлімет үшін):

отбасы басшысына _____ теңге _____

(ж а з у м е н)

отбасы мүшелеріне _____ теңге _____

2. Тұрғын үй сатып алуға тағайындалған қаржының төленетін мөлшері:

_____ теңге _____

(ж а з у м е н)

оның ішінде (мәлімет үшін):

отбасы басшысына _____ теңге _____

(ж а з у м е н)

отбасы мүшелеріне _____ теңге _____

(ж а з у м е н)

Банкінің деректемелері және алушының ағымдағы шотының нөмірі:

БЖК _____

Банк СТН-і _____

Банк (ағымдағы, картшоты) _____

(банктің аты, мекен жайы)

М.О. Ішкі істер департаменті

Көші-қон полициясы басқармасының бастығы _____

(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

Маман _____

(тегі, аты, әкесінің аты)

(қолы)

Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарын төлеу, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және біржолғы жәрдемақылар төлеу ережесіне

(қосымша жеңілдіктерді тағайындаған органның атауы)

(Орталық филиалының атауы)

Төлемдерді ресімдеу үшін ұсынылатын үзінді көшірмелер туралы 20 __ ж.« __ » № __ хабарлама

Ескерту. Ереже 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.04 N 230 Қаулысымен.

Р/с №	Істің №	Тегі, аты, әкесінің аты	Төлемдердің түрі	Ескертпе

Қоса берілген құжаттардың барлығы _____

Ішкі істер департаменті

Көші-қон полициясы басқармасының бастығы _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

Маман _____
(тегі, аты, әкесінің аты) (қолы)

М.О. ЗТМО облыстық филиалының директоры _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

Маман _____ кіріс _____ 20 ж "___" _____ № _____
шығыс _____ 20 ж "___" _____ № _____

М.О. ЗТМО бөлімшесінің бастығы _____
(Т.А.Ә.) (қолы)

Маман _____ кіріс _____ 20 ж "___" _____ № _____

Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға және олардың отбасы мүшелеріне тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін (оның ішінде малын) апару жөніндегі шығыстарын төлеу, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін

қаражат бөлу және біржолғы
жәрдемақылар төлеу ережесіне

4-қосымша

көшірмелерін тіркеу журналы

(төлемдердің түрі)

Ескерту. Ереже 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің
2011.03.04 N 230 Қаулысымен.

Р/с №	Үзінді көшірменің №, күні	Оралманның тегі, аты, әкесінің аты	Хабарлама уақыты , №	Тіркеу уақыты

Мөрмен бекітілген журналдағы парақтар саны _____
(ж а з у м е н)

М.О. Орталық филиал/бөлімшесінің бастығы _____

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 6 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 1 5 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Республикалық бюджеттен оралмандар үшін бөлінетін қаражатты мақсатты пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 41, 366-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 және 2001 жылғы 4 мамырдағы N 605 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 қаңтардағы N 48 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 1, 16-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 қаулысына өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 4 мамырдағы N 605 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 25 ақпандағы N 225 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 10, 121-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қаңтардағы N 31 қаулысының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 14 ақпандағы N 140 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2005 ж., N 7, 73-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1194 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 шілдедегі N 747 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 27, 351-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК